

"Шардара ГЭС-і" акционерлік қоғамын құру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 4 ақпандағы N 76

Нарын-Сырдария каскады су-энергетикалық кешенін пайдалану жөніндегі қызметтерді үйлестіруді күшейту, су бассейнінің әлеуетін пайдаланудың тиімділігін арттыру, оңтүстік аймақты энергиямен қамтамасыз етуді және энергетикалық режимдерді оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Оның жарғылық қорынан Шардара ГЭС-інің қаржысын қамтитын мемлекеттік мүлікті бөлектеу жолымен "Су қоймалы Шардара ГЭС-і" республикалық мемлекеттік кәсіпорны қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен бөлінген мемлекеттік мүліктің базасында акцияларының жүз проценттік мемлекеттік пакеті бар "Шардара ГЭС-і" ашық акционерлік қоғамын құрсын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компаниясы" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесіп екі апталық мерзім ішінде "Шардара ГЭС-і" акционерлік қоғамының құрамына берілетін объектілердің тізбесін айқындасын.

4

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.06. N 936 қаулысымен. P 9 9 0 9 3 6 _

5. "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" акционерлік қоғамы оңтүстік аймақта су-энергетикалық режимдерді оңтайландыру мақсатында жаңадан құрылатын "Шардара ГЭС-і" акционерлік қоғамының тиімді жұмыс істеуін Шардара су қоймасы мен оның құрылыстарын ұстауды, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарын кепілдендірілген сумен жабдықтауды қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.03.03. N 163 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті экологиялық талаптарды ескере отырып аймақта су ресурстарын реттеуді және кешенді пайдалануды қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.03.03. N 163 қаулысымен.

P980163_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК